

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мажілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 20 наурыздағы № ДС-127

Құрметті депутаттар!

Ғылымды қаржыландыруға өндіруге жұмсалған шығындардың 1%-ы мөлшерінде қаражат аудару бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелеріне қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыныңға мынаны хабарлаймыз.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес салалық мемлекеттік органдар жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – F3TKЖ) қаржыландыру жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуын жыл сайын мониторингейді.

Салалық мемлекеттік органдардың ақпараты бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен F3TKЖ-ны қаржыландыруға келісімшарттық міндеттемелер шеңберінде 2018-2022 жылдар аралығында F3TKЖ жобаларын іске асыруға 241 млрд теңге бөлінді. Бұл ретте келісімшарттар шеңберінде 2018-2022 жылдар қорытындысы бойынша берешек 5,6 млрд теңгені құрайды.

Анықтама: ЭМ деректеріне сәйкес F3TKЖ жобалары бойынша көмірсулектер мен уран өндіру саласында F3TKЖ-га 82,36 млрд теңге бөлінді. ӨКМ ақпараты бойынша қатты пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы F3TKЖ-га аударымдар 158,8 млрд теңгени құрады.

Мониторингтің нәтижесі бойынша жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттағы міндеттемелерді бұзған жағдайда құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыларға хабарламалар жібереді. Бұрын жіберілген хабарлама орындалмаған жағдайда келісімшарттық міндеттемелер бойынша берешек сот тәртібімен өндіріп алынады. Сондай-ақ белгіленген мерзімде жер қойнауын пайдаланушылар жоймаған бұзушылық екеуден асып кеткен жағдайда құзыретті орган келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушылармен F3TKЖ қаржыландыру тетігін жетілдіру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салалық

мемлекеттік органдар жаңынан (*Энергетика, Өнеркәсіп және құрылым міністерліктерінде*) ғылыми-техникалық кеңестер¹ (бұдан әрі – FTK) құрылды.

Көмірсүтектер мен уран өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушылардың F3TKЖ-ны қаржыландауды қағидаларына² (бұдан әрі – Қағидалар) өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, салалық FTK-мен ғылыми-зерттеу жобаларының техникалық тапсырмаларын келісу, жер қойнауын пайдаланушылар қаржыландаратын F3TKЖ жобаларын мемлекеттік есепке қою және ғылыми-техникалық сараптамамен сүйемелдеу жөніндегі талаптар көзделді.

F3TKЖ жобаларын сапалы ғылыми сараптауды қамтамасыз ету үшін (жсаңалықтың болуы, ғылыми жобаларга қойылатын талаптардың орындалуы) салалық FTK бейіндік секцияларға бөлініп, қазақстандық және шетелдік сарапшыларды тартылған.

Анықтама: ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында FTK құрамына жетексі ғалымдар, тәжірибелі мамандар, мемлекеттік органдардың, F3И мен ЖОО-ның, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, көмірсүтектер саласындағы ұлттық компаниялардың, салалық қауымдастықтардың өкілдері, қозам белсендері мен өкілдері енгізілді.

Қабылданған Қағидаларға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар жыл сайын 25 қазаннан кешіктірмей FTK-да қарау және бекіту үшін техникалық міндеттері бар F3TKЖ бағыттарының тізбесін ұсынады. Жыл басынан бері басым бағыттардың тізбесін бекіту үшін көмірсүтектер мен уран өндіру саласында FTK екі отырысы өткізілді.

F3TKЖ-ны қаржыландауды жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми зерттеулерінің жыл сайынғы бағдарламасының салалық FTK келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

FTK бекіткен бағыттар шенберінде жер қойнауын пайдаланушылар F3TKЖ жобаларын қаржыландауруға ашық байқаулар жариялайды. F3TKЖ-ны сатып алу ғылыми қызметтің аккредиттелген субъектілері қатарынан тек конкурсстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады, яғни «бір көзден» тәсілмен сатып алу мүмкіндігі алып тасталды.

Бұдан басқа, жер қойнауын пайдаланушылардың F3TKЖ-ны қаржыландаурының нәтижелілігіне талдау жүргізу мақсатында салалық FTK оларды іске асыру барысы туралы аралық және қорытынды есептерді қарайтын болады. Қорытынды есептерді қарау нәтижелері бойынша F3TKЖ жобалары F3TKЖ жобаларының тізілімінде мемлекеттік есепке алу үшін «ҰМФТСО» АҚ-ға жолданады.

Жер қойнауын пайдаланушылар ғылымға жіберетін қаражатты игермеген жағдайда есепті кезеңінде қорытындылары бойынша берешек мемлекеттік

¹ Энергетика министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №493, Өнеркәсіп және құрылым міністерліктерінде 2023 жылғы 15 қарашадағы №81 бұйрықтары бекітілді.

² Энергетика министрінің 2023 жылғы 5 қазандагы № 356 және Ғылым және жоғары білім министрліктерінің 2023 жылғы 5 қазандагы №518 245 бірлескен бұйрығы, Әділет министрлігінде 2023 жылы 9 қазанды № 33520 болып тіркелді.

бюджетке жіберіледі. Бұл қаражат ғылыми жобалар мен бағдарламаларды конкурстық негізде қаржыландыруға жіберілетін болады.

Осылайша, FTK-да F3TKЖ жобаларын қарау оларды қаржыландырудың орталықтандырылуы мен ашықтығын қамтамасыз етеді, олардың сапасын жақсартады, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерін орындаудың тиімділігін арттырады.

F3TKЖ қаржыландыру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және автоматтандыру мақсатында жер қойнауын пайдаланушылармен «Ұлттық инновациялық жүйенің бірынғай терезесі» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – «ҰИЖБТ» АЖ) pilotтық нұсқасы іске қосылды, онда 2024 жылдың сонына дейін жер қойнауын пайдаланушылардың F3TKЖ жобалары туралы ақпарат орналастырылатын болады.

Қазіргі уақытта «ҰИЖБТ» АЖ аккредиттелген ғылыми ұйымдар, ғалымдар, ғылыми жобалар бойынша мәліметтер жинақталған платформалармен (Энергетика министрлігінің, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің «ЖКПББМЖ» ақпараттық жүйелерінің және «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сарната орталығы» АҚ) интеграциядан өтуде.

Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жер қойнауын пайдаланушы портфельдік компанияларымен F3TKЖ-ға жіберілетін қаражатты орталықтандыру үшін Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы (бұдан әрі – FTBO) құрылды. Қазіргі уақытта F3TKЖ жобаларын қаржыландыруға FTBO-да 316,2 млн теңге жинақталған. Ғылыми жобалардың орындаушылары отандық F3И, университеттер, ғылыми орталықтар мен технологиялық компаниялар арасында ашық конкурстар негізінде таңдалады.

Бұл шаралар жер қойнауын пайдаланушылардың нақты нәтижелерге бағдарланған ғылыми зерттеулерді бақылауы мен қолдауының тиімді жүйесін қалыптастыруға, ғылымға бөлінетін қаражат көлемін ЖІӨ-нің 1%-ына дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы осы бағыттағы жұмыс жалғасады және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

О. Бектенов